

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1895 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Жылу энергиясын өндіру, беру және бөлу" қызметінің түрлерін лицензиялау процесін оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 P951894_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат) мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:
реттік нөмірі 5-жолдың 3-бағанындағы "тарату" деген сөзден кейін

"(жиынтық орнатылған жылу қуаты 100 Гкал/сағаттан астам жылу энергиясы көздерінен)" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 27-жолдағы 2-баған мынадай сөздермен толықтырылсын:

"Астана және Алматы қалаларының";

реттік нөмірі 27-жолдағы 3-баған мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жылу энергияларын өндіру, беру және тарату (жиынтық орнатылған жылу қуаты 100 Гкал/сағаттан астам жылу энергиясы көздерінен)".

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК